

## М. ӘУЕЗОВ ПЕН Д. РАДЖАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫ: ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС, ЖАЛПЫ МӘДЕНИ МҰРА

\*Әмірбаева Ш.М.<sup>1</sup>, Қонаев Д.А.<sup>2</sup>, Пірәлі Г.Ж.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2,3</sup> М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада Мұхтар Әуезов пен Доджон Раджабидің шығармаларында қамтылған әдеби байланыстар мен жалпы мәдени мұра қарастырылады. Олардың еңбектерінде көрініс тапқан тақырыптарға ерекше назар аударылады. Екі автор да халық тарихындағы қайғылы оқиғаларға, соның ішінде 30-50 жылдардағы қуғын-сүргінге ілінген, қайраткерлердің психологиялық қысымы мен азабына тоқталады. Зерттеуіміз Әуезов пен Раджабидің шығармашылығының өзара әрекеттесуін, оларды қандай ортақ тақырыптар мен мотивтер біріктіретінін және олардың өз халықтарының мәдени және әдеби дәстүрлерін сақтауға және дамытуға қалай ықпал ететінін талдайды.

Зерттеудің өзектілігі – ХХ ғасырдың аяғындағы Раджаби бет алысы 1937 жылы Тәжікстандағы қуғын-сүргінді терең зерттеуге және көркем түрде түсінуге алғашқы әрекет болды, осылайша тәжік әдебиетіне айтарлықтай үлес қосты. Әуезов пен Раджабидің шығармалары мәдени және тарихи мұралардың ортақ ерекшеліктерін бейнелейді, бұл олардың аймақ әдебиеті контекстінде маңыздылығын көруге мүмкіндік береді. Доджон Раджаби 30-шы жылдары жарияланған жүздеген мұрағат материалы мен мақалаларды, қудалау мен азаптау кешкен куәгерлер мен әдебиетшілердің, туыстарының әңгімелерін тыңдай, зерттей жүріп, оқиғаларды терең әрі шынайы жеткізе алғандығы жөнінен деректер келтірдік, жазушы замандастары шығармашылығына байланысты мәселелер де бой көтерді, оларға шолу жасалды.

Зерттеудің мақсаты – Әуезов пен Раджаби шығармашылығындағы әдеби байланыстар мен жалпы тақырыптарды анықтау және талдау, олардың мәдени мұраны сақтауға және маңызды, мәнді тақырыптарды түсінуге қосқан үлестеріне баса назар аудару. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Орта Азия әдебиетіндегі рухани түсініктерді кеңейту, жалпы мотивтер мен тақырыптарды ашу, сондай-ақ тарихи оқиғалардың әдеби шығармашылыққа әсерін түсінуді тереңдете қарастыруда болып отыр. Зерттеудің практикалық маңыздылығы мынада: нәтижелер аймақ әдебиетіндегі мәдени байланыстар мен тарихи жадыны одан әрі зерттеу үшін, сондай-ақ Әуезов пен Раджаби шығармаларын оқытуда пайдаланылуы мүмкін.

Мақалада тақырыпты ашу үшін жалпылау, сипаттау, жүйелеу және әңгімелеу, шолу әдістері қолданылады. Зерттеу шығармашылықтың объективі арқылы тарихи оқиғаларға қайта оралудың маңыздылығын көрсетеді, Орта Азия халықтарының мәдени мұрасын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** Мұхтар Әуезов, тәжік әдебиеті, проза, Тәжікстан, шығармашылық, әдебиет, тарих, мәдени мұра

### Кіріспе

Әдебиет тарихында маңызды орын алатын Мұхтар Әуезов пен Доджон Раджабидің шығармашылығы аясында прозаның даму жолдары қарастырылды. Мақалада тарихи оқиғалар мен мәдени дәстүрлерді бейнелейтін дәуір прозасының тақырыптары мен ерекшеліктеріне назар аударылады. Қуғын-сүргінге, жазушылардың шығармашылығына, сондай-ақ

олардың шығармаларында көрсетілген әдеби және көркемдік ерекшеліктерге ерекше назар аударылды. Зерттеу Әуезов пен Раджабидің шығармашылығын біріктіретін жалпы тақырыптар мен мотивтерді, сондай-ақ Джалол Уикромиді, Масуд Расули, Абдурахмон Абдуманнонов, Хуршед Отахонов, Фируза Шахиди, Шохзамон Рахмонов т.б. сияқты замандастарының әдебиеттегі ерекше тақырыптардың дамуына қосқан үлестерін талдайды. Нәтижесінде, мақала осы көрнекті жазушылардың шығармашылығы аясында әдеби байланыс және жалпы мәдени мұра туралы түсініктерді кеңейтеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдардың орта шенінен бастап, 90-шы жылдарының басында қайта құру кезеңінің басталуымен бұрын одақтас болған республикаларда түбегейлі өзгерістер болды, бұл әлеуметтік қана емес, қоғамның руханиятындағы революциялық өзгерістерге әкелді. Жаңаша ойлау, ең алдымен, бұрынғы одақтың орталық газеттерінде көрініс тауып, кейіннен баспасөздің еркін бағытта қалыптасуына әкелген болатын. Егемендік орнағаннан кейін Тәжікстанда мәдениет, саясат, ұлттық тіл мен сана мәселелері ерекше қызығушылық тудыра бастады.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылығында қуғын-сүргін салдарын қоса алғанда, Кеңес заманының саяси және әлеуметтік жағдайлардың шынайы көрінісін табуға болады.

Абай Құнанбаевтың өмір жолы қамтылған «Абай жолы» романы әлеуметтік және саяси қысым тақырыптарын жанама түрде қозғайды. Романда дәстүр мен жаңа қоғамдық өмір арасындағы қақтығыстар бейнеленген, оларды ой бостандығы мен кеңес дәуіріне тән идеологиялық шектеулер арасындағы күрестің көрінісі ретінде тануымызға болады [1, 47 б.]. Оны репрессия туралы аллегория ретінде қарастыруға болатындай, дегенмен репрессия тақырыбы тікелей ашылып суреттейлмейтінін тағы да атап өтеміз [2].

«Қараш-қараш оқиғасы» (1927) бұл повесте феодалдық жүйе мен әділетсіздікке қатысты сын бар, олар көбінесе кеңес дәуіріндегі әділетсіздік пен репрессиялық режимді сынға алды. Сталиндік қуғын-сүргінге тікелей сілтеме болмаса да, қоғамдық қысым мен оқиғалар трагедиясының атмосферасы қуғын-сүргіннің жалпы тақырыбымен байланысты болғандығын байқауымызға болады [3, 78 б.]. Повес қарапайым адамдардың әділетсіздігі мен сенімсіздігі туралы баяндайды, оны саяси қуғын-сүргінге жанама аллегория ретінде де қабылдауға болады. Айта кету керек, Әуезов өмір кешкен кезеңде сталиндік қуғын-сүргінге тікелей сын айту, ол тақырыпты көтеру қауіпті болғаны белгілі және көптеген жазушылар өз ойлары мен тәжірибелерін жанама түрде білдіру үшін аллегориялар мен метафораларды қолданды [4, 67 б.]. Осы тұрғыдан қарасақ жанама мағыналы дүниелерді Әуезов шығармаларынан да көре аламыз.

Жалпы екі қайраткердің шығармаларының байланысы, ұқсас тұстары туралы айтар болсақ, психологиялық қысым және әділеттілік үшін күрес: олардың еңбектерінде саяси қуғын-сүргін мен тоталитарлық режимнің салдары болған психологиялық қысым мен әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес тақырыбы бар.

Екі жазушы да ұлттық бірегейлік пен рухани мұраның маңыздылығын көрсете отырып, өз халықтарының мәдени және әдеби дәстүрін сақтауға және дамытуға ұмтылды.

Жеке тұлғаға табынуды сынау: олардың еңбектерінде Кеңес дәуіріне тән жеке тұлғаға табынушылықты сынау және оның қоғамға жойқын әсері де байқалады. Әуезов пен Раджаби тарихи оқиғалар мен трагедияларды болашақ ұрпақ үшін маңызы мен мәнінің жоғары екендігін жеткізуге тырысты.

Тәжік әдебиетінде азаматтық соғыстың қайғылы оқиғаларын сипаттау, соғыс құрбандарының ащы тағдырын ашық көрсету көптеген роман мен повестердің, очерктер мен әңгімелердің басты тақырыбына айналды. Ол кездегі шығармалар қатарын реалистік прозаға жатқызар болсақ, сол заман өкілдерінің тағдырын неғұрлым терең, шынайы сипаттаумен ерекшеленген-ді. Реалистік шығармалардың қатарына тәжік жазушылары Додожон Раджаби, Урун Кухзод, Саттор Турсун, Абдулхамид Самадов, Кароматулло Мирзоев, Пури Хамрох және т.б. прозаларын жатқызамыз. Аталған тұлғалардың шығармалары әлеуметтік шындықты көркем түрде сәтті бейнелейді. Халықтың бақыты үшін өз өмірін құрбан еткен тәжік ұлдарының өмірі мен қызметі лайық түрде бағаланбай, әділетсіз жала жабылып, оларға халық жауы деген атау таңылғаны белгілі. Осы және бірнеше тақырыптардың өзектілігін мақаламызда ашуға тырысамыз.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Айтып өткеніміздей, бұл тақырып қайта құру кезеңімен байланысты болды. Туындының басты тақырыбы – 37 жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны болған әдебиетшілердің тағдыры болды. Додожон Раджабидің «Таза беттегі дақтар» [5], «Айрылысу түні» [6], «О, менің жанашыр әпкем» [7] және «Қисық аспан» [8] шығармалары астарлы тақырыптар аясында жазылған әрі тауарих үшін үлесі зор шығармалар болды. Осы шығармалардан кейін әдебиеттанушы Сохиб Табаровтың [9], Абдурахмон Абдуманноновтың және Фирза Шахидидің [10], Хуршед Отахоновтың [11], журналист Али Бободжонның [12], жазушы Заромның және т.б. жазушылардың еңбектері жарыққа шықты [13]. Додожон Раджаби кейінірек «Қисық аспан» кітабында жарияланған шығармалар циклінде алғаш рет фактілер мен нақты оқиғаларды, құжаттарды егжей-тегжейлі зерттей отырып, 1937 жылы орын алған қанды оқиға Сталиндік режимнің құрбаны болған зиялы қауымның қайғылы тағдыры туралы жазады.

Д.Раджабидің шығармалары зерттеуші-жазушылар Т.Бердиева, А.Абдуманнонов, А.Набави, С.Ағзамзода, С.Саидовтың назарын өзіне аударды. Әдебиеттанушы С.Ағзамзода осы тақырыпта Додожон Раджабидің ізденістері мен жазбалары ерекше назар аударуға тұрарлық екенін атап өтеді.

Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде Мұхтар Омарханұлы Әуезов осы тақырып аясында, қазақ пен тәжік әдебиеті арасындағы байланыстарды терең зерттеді. Әуезовтің еңбектері қазақ-тәжік әдеби байланыстарының берік орныққанын дәлелдейді. Ол XIX ғасырдағы Абай Құнанбайұлының шығармашылығы арқылы қазақ-тәжік мәдени ықпалдастығын анықтап, әрі қарай дамытуға күш салды. Әуезов XX ғасырдың 50-ші жылдары қазақ

жұртшылығын тәжік әдебиетінің құнды шығармаларымен таныстырып, ұлттық баспасөзде бұл туындылардың әлеуметтік және әдеби мәселелерді түсінуге ерекше септігін тигізгенін көрсетті.

Әуезов пен Раджабидің шығармалары өз заманының ауыртпашылықтары мен қуғын-сүргін көрген зиялы қауымның тағдырын, сонымен бірге әдеби және мәдени байланысты сақтау үшін істелген еңбектерін жеткізу арқылы екі халықтың әдеби және мәдени мұраларын біріктіретін құнды зерттеу көзі ретінде маңыздылығын дәлелдейді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Қазақ-тәжік әдеби байланыстарының тарихында Қазақстанның әлемнің көптеген халықтарымен әдеби байланыстарын зерттеу мен жолға қоюда шығармашылық еңбегімен қатар, қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов үлкен рөл атқарады.

М. Әуезовтің ерекше тұлғасы мен жазушылық жолы Қазақстанда ғана емес, шетел асып өз бағасын алғаны белгілі. М. Әуезов туралы оның шығармашылығына арналған көптеген ғылыми еңбектер мен монографиялық зерттеулер жазылғанымен, ғылыми әдебиеттерде қамтылмаған бірқатар мәселелер бар. Осындай аз зерттелген мәселелердің бірі – оның тәжік әдебиетіне деген көзқарасы, оның шығармашылығының тәжік әдебиеті жазушыларына берген әсері, оның шығармаларын тәжік оқырмандарының қабылдауы сынды мәселелер болып отыр.

Тәжікстан мен Қазақстан әдебиетін салыстырмалы зерттеу ХХ ғасырдың ортасынан басталды. Екі ел компаративизмінің бастауында көрнекті жазушы, ғалым Садриддин Айни мен Мұхтар Әуезов тұрды. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттану ғылымының, әсіресе ресейлік салыстырмалы әдебиеттанудың дамуына байланысты 60-жылдардың басынан бастап Орта Азиядағы әдеби байланыс бойынша зерттеулер қарқынды дамыды. Осы кезден бастап Алматы, Душанбе және Ташкентте салыстырмалы әдебиеттану мәселелеріне арналған түрлі өңірлік әрі халықаралық конференциялар өткізілді. Тәжікстан мен Қазақстанда көптеген жинақ, кітаптар, библиографиялық көрсеткіштер, ғылыми конференци мен симпозиумдар тезистері мен материалдары жарық көрді. Диссертациялық жұмыстар, зерттеу жұмыстары қорғалды.

Абай шығармашылығы жаңа заман әдебиеті қалыптаса бастаған кезеңде басталып, дамығаны белгілі. Ол Фирдоуси мен Низамиден бастап М. Ю. Лермонтов пен А. С. Пушкинге дейінгі әлемдік әдебиеттің көркем мұрасын игерді. Сондықтан оның шығармашылығындағы («Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» поэмалары) аудармалары мен шығармашылық стилизациясы соның айғағы. Осылайша Абай өзінің шығармашылық қызметінде шығыспен, ең алдымен тәжік классикалық әдебиетімен тығыз байланыста болғанын бағамдаймыз. Бұған оның гуманистік идеяларға толы моральдық-ағартушылық өлеңдері ғана емес, сонымен қатар Унсурулмаали Кей-кавустың «Қабуснама» және Муслихиддин Сағдидің «Гүлстан» сияқты парсы-тәжік классикалық әдебиетімен тығыз байланысты «Ғақлиялар» («Қара сөздер»)

прозалық шығармасы дәлел бола алады. Бұл туралы М. Әуезов, А. Жиреншин, Ш. Қ. Сәтпаева, М. Мырзахметов және т. б. зерттеушілер атап өтеді.

Абайдың бірқатар өлеңдерінде М. Әуезов тәжік классикалық поэзиясының жетекші жанрларының бірі – ғазал үлгісін көреді. Оларға «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?» және т.б. жатқызуға болады, онда махаббат тақырыбын сипаттаудың шығыс тәсілі көрініс береді. Бұл өлеңдерде, классиктер ғазалдарындағыдай, сағыныш, қызғаныш, үмітсіздік және махаббат сезімдері бейнеленген. Бұл өлеңде ғашықтық ғазалдарында үнемі кездесетін «бару» – рафтан, «бөтенді жолдас ету» – агер, «кел ертерек» зуд ой, «серт бұзған» – вадахилофи сияқты ұғымдар бар.

Абайдың рухани өлместігін түсіну оның этикалық мұратымен байланысты. Бұл Абайдың ұлы ұстазы Фирдоусидің сөздерін еске түсіреді.

Ерлер мен қариялар, жігіт-қыздар,

Бақытқа шақырар менің әуендерім.

Тіпті ғасырлар бойы ұйқыда жатсам да,

Мен өлмеймін: Мен тірімін! [14] (еркін аударма).

Абай Құнанбаевтың шығармашылығын зерделеу Кеңес өкіметі жылдарында ғана басталғаны, оны көлемді зерттеушілерінің бірі Мұхтар Әуезов болғаны белгілі. Қазақ классигінің өлеңдерін орыс тіліне аудару да кейінірек жүзеге асырылды. Сол себепті тәжік оқырмандары мен зиялы қауым 1950-ші жылдарға дейін Абай туралы аздаған ақпараттармен таныс болды. Ол туралы алғашқы ақпарат тәжік баспасөзі беттерінде пайда бола бастады. 1950 жылы 11 тамызда «Хакикати Ленинобод» («Ленинабадская правда») газетінде Абайдың туғанына 105 жыл толуына байланысты А.Мирпочаевтың «Великий друг русской культуры» атты қысқаша мақаласы жарияланды [15].

Әлемдік әдебиеттің ұлы ескерткіштерінің бірі – Фирдоусидің «Шахнама» кітабын қазақ тіліне аудару қазақ халқының өміріндегі маңызды, әдеби оқиға болды. Алғашқы араб аудармаларынан бастап (1218-1227) бұл монументалды шығарма әлемнің көптеген елдерінде түпнұсқада және әртүрлі аудармаларда таралды. «Шахнаманың» қазақ әдебиетіне әсері туралы әдебиеттанушылар М. Әуезов, М. Қаратаев, Ә. Сатыбалдиев, Т. Жүргенов, М. Байділдаев, Р. Бердібаев, Ә. Коңыратбаев және т. б. зерттеушілер сөз қозғады.

Қоғам қайраткері, тәжік жазушысы Атахон Сайфуллоев өзінің шығармаларын Орталық Азия жазушыларының ең танымал шығармаларын зерттеуге арнайды. Ол тәжік, өзбек және түркімен жазушыларының шығармашылығындағы прозаның дамуын Орта Азиядағы реалистік проза дәстүрлерінің жалғасы екенін айтады. Сондай-ақ, Орта Азия жазушылары тарихты объективті түрде көрсетуімен қоса, халықтың жанашыр ұлдарының жарқын бейнелерін жасайтындығын атап өтеді. Ал, профессор М.Ходжаева көркем шығармадағы нақты оқиғаларды пайдалану турасында тақырып өрбітеді. А.Набавидің «Прозадағы ізденістер мен инновациялар» [15] және А.Сайфуллаевның еңбектерінде көркем прозаның дамуының әртүрлі аспектілері зерттелген. Бұл тақырып Ресей, Беларусь, Молдова, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және ТМД-ның басқа елдерінің ғалымдарының назарын аударған болатын.

Тәжік әдебиеттанушысы Абдухолик Набави тәжік әдебиетінің ерекшеліктері туралы көптеген өзгерістермен қатар, жазушылардың назарындағы революциялық ұмтылыстар мен көзқарастардың, соңғы 10-15 жылда жемісін берген мәселелер мен көркемдік ізденістердің қарастырылып жатқаны туралы пікірлері бар. Бұл пікірді негізге ала отырып, екінің бірі бара қоймайтын тақырыптарда сөз қозғаған тәжік жазушылар қатарын атап өтсек болады. Профессор Атахон Сайфуллоев 90-шы жылдардағы ғасыр трагедиясына арналған бірқатар тарихи шығармалар жасалғанын атап өтеді. Құтби Кирдің «Тугралды өлтіру» (1993) және Додожон Раджабидің «Қисық аспан» (1998) кітаптарында кеңестік саясаттың әкелген зардабы салдарынан ел қайраткерлерінің басына түскен трагедиялар көрсетілген. Аталмыш шығармада Додожон Раджаби тәжік халқының тамаша жазушылары Хахим Карим, Рашид және Гани Абдулло, Джалол Уикромии, Рахим Хошим және т.б. ақын-жазушылардың сонау 1937 жылдары басынан өткерген оқиғаларын баян етеді.

Додожон Раджабидің ХХ ғасырдың 80-90-шы жылдар басындағы еңбектері 37-ші жылдар оқиғасын зерттеп, көркем публицистикалық тұрғыдан баяндауға, 30-50-ші жылдардағы жеке тұлғаға табынудың салдарын ашуға алғашқы әрекет ретінде көрініс алғаны бар. Ол уақыттарда бұл тақырып аса өзекті болмай, кеңестік кезеңдегі қиындықтар тарихи-көркемдік тұрғыдан зерттелмеген күйінде қала берді. Додожон Раджаби 30-шы жылдары жарияланған жүздеген мұрағат материалы мен мақалаларды, қудалау мен азап кешкен куәгерлер мен әдебиетшілердің туыс-туғандарынан есіткен әңгімелерін тыңдай, зерттей жүріп, оқиғаларды терең әрі шынайы жеткізе алды. Жазушы мұрағат материалдарына сүйеніп, тәжік халқының ұлы ұлдарының қайғылы тағдырын, замана әділетсіздігі мен сатқындығын, орынсыз шеккен азабын, олар көрген қысым мен 37-ші жыл тарихының қайғылы тұстарын ашып көрсетті.

Додожон Раджаби еңбектерінің қуғын-сүргін оқиғаларына, жазықсыз айыпталушыларды қатігез түрде азаптауға ғана емес, өлім жазасына кесілген адамдар тағдырына деген аянышы оянып, елдің тарихын сақтап қалу жолында пайда болғанын бағамдауға болады. Сонымен қатар отаршылдық жылдарында қуғын-сүргінге ұшырағандарды жаппай оңалту, олардың тарихтағы рөлін қайта жаңғырту тақырыптары да ескерусіз қалмады. Айта кету керек, әдебиетте бұл тақырыптарды зерттеуді орыс жазушылары бастады, кейіннен ТМД-ның құрамындағы бұрынғы елдердің тарихы мен әдебиетінде өз жалғасын тапты.

Жазушының назары талантты жазушы Хахим Каримнің өмір трагедиясына ауды. Оның өмірінің зерттелмеген беттері «Хахим Каримро ки кушт?» еңбегінде жазылды. Жазушының әңгімесінің желісі негізінен Хахимнің жесір қалған әйелі Бонухон Максудованың естеліктеріне негізделген.

Бұл шығарма бастапқыда «Адабиет ва санъат» газетінде (1986, 27 наурыз) жарық көрді. Осы еңбек Додожон Раджабидың жауабы табылмаған сансыз сұрақтарымен басталады. Жазушының он төрт ай бойы, ал әйелі

Бонухонның бір жыл он бес күн қамауда болғандығы, алты айлық балалары Абдухалимның ата-анасынан ажырап, балалар үйінде қайтыс болғандығы, сондай-ақ жазықсыз шарананың жан тапсыруына кінәлілерді іздеу сәті бейнеленген. Осы шағын ойдан қайғылы уақыттың құрбаны болған талантты тәжік жазушысының өмір тарихын ашуға ұмтылған жазушы идеясы қылаң беретіндей. Бонухонның әңгімелеріне негізделген бұл еңбек Хаким Каримнің өмірінен алынған эпизодтарды, оның көркем бейнесін жарыққа шығарып, оқырмандарды жауынгер жазушы өмірбаянымен толығырақ таныстыруға мүмкіндік берді.

Жазушы өміріндегі көп естеліктері – Бонухонмен өткен бақытты шақтары, олардың Сталинабадқа көшуі, Жазушылар Одағы ғимаратында тұрған кездері, сонымен қатар тәжік жазушылары Рахим Джалил, Мухиддин Аминзода, Қожа Содик, Абулкосим Лохутилармен шығармашылық байланыстары, жазушының аударма қызметі туралы әңгімелері аса маңызды. Бонухонның айтуынша, 1937 жылы 20 қыркүйекте олардың бақытты шақтарын «Ұлтшылдар тобы жойылсын» деген атпен жарияланған мақаласы бұзған. Аталмыш мақала Хаким Каримге халық жауы, Ходжент саудагерінің ұлы, буржуазияшыл, ұлтшыл деп айыпталуына себепші болды. Ал, Бонухон бұл оқиғадан екі апта өткен соң халық жауының әйелі ретінде қамауға алынып, ұл-қыздары балалар үйіне жіберілгенін баяндайды. Көп ұзамай оны басқа да қылмыстары үшін айыптаған тағы бір мақала жарыққа шығады. Бонухон айтқандай, Хаким Карим өзін таңылған партия ісіндегі жала жабудан өмір бойы азап шекті.

Додожон Раджаби өз шығармасына Хаким Каримді кім өлтіргендігі туралы ізденістерін тақырып етіп алып және Хаким Каримнің фашистердің оғынан немесе басқалар қолынан қаза тапқан сәтте қапа болған сәтін бейнелеп, ол қылмысты ешқашан да, ешкім де, жуып-шая алмайтындығын ызалана суреттейтін сәті бар. Бұл жолдардан сталиндік қуғын-сүргін трагедияларынан бөлек, қудалау мен азаптауға ұшыраған жазушылардың серіктері, әріптестері де айыпты болуы мүмкін деген қорытындыға келгенін байқауға болады. Жазушы үшін сталиндік режимнің қайғылы оқиғаларын сипаттап, қарапайым адамдардың бейбіт өмірі мен адамгершілік мәселелерін ой елегінен өткізіп, көркемдік тұрғыдан бейнелеу, әрине, оңай болмады.

Әдебиеттанушы Т.Бердиева Додожон стиліндегі шешендік үлгілерді қарастыра келіп, Додожон Раджабидің нағыз тарихшы іспетті, бұлтартпас фактілерге сүйеніп, ерік-жігері мықты жазушылар мен олардың өмірінен орын алған әділетсіздіктерге қатысты көркем шындықты ашатыны жөнінен пікір білдіреді [14]. Шынында да, жазушы туындыларын қарастырған сәтте оның айқын жазылған еңбек екенін бірден байқауға болады. Жазушының дәл осы стиль ерекшелігі тәжік әдебиеттанушысы Р.Тошматовтың да назарын аударды. Д.Раджаби сипаттап отырған оқиғаларын барынша шынайы беру мақсатында мәліметтерді негізге алатынын, материалдарды Фирдоуси республикалық кітапханасындағы газет-журналдар мен мемлекеттік мұрағат көздерінен алып, мұқият зерттегенін, сонымен қатар, 30-50 жылдардағы қуғын-сүргінге

ұшыраған партиялық және мемлекеттік корреспондент, заңгер, ғалым, ақын-жазушылардың ресми мәліметтерін қолданғанын айтады.

XX ғасырдың 30-40-шы жыл әдебиетшілер өміріне арналған Додожон Раджабидің шығармалар жинағы ел басындағы мәселелерді көркемдік тұрғыдан шешу тұрғысынан 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басындағы әдебиетке жаңа леп ала келді. Тақырыпты зерттеу кезінде жазушы мұрағаттық құжаттарға, оқиға куәгерлерінің әңгімелеріне сүйене отырып, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған жазушылардың бейнесін жарқын, сенімді түрде қайта жасайды. Додожон Раджаби бұл тақырыптар легіне кештеу болса да үңіліп, ерек туындыларды жасауға кіріскен еді. Оның шығармашылығындағы тақырып жаңалығы, көркемдік зерттеу, жаңа мәселелерді шешу тұрғысындағы шеберлігі Тәжікстандағы көркем прозаның қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер етті [9].

Тәжік әдебиеттанушысы С.Саидов болса, Додожон Раджаби шығармашылығының ерекшелігіне назар аудара отырып оның әңгімелерінің асыл, мейірімді, ақылды әрі білімді тәжік ұлдарының аяусыз тағдыры мен қиындықтары туралы көптеген деректер мен мәліметтерге толы екендігін, ол әңгімелерді жаның ашымай оқу мүмкін еместігін, Додожон Раджаби ащы шындық туралы көркем тілде айтатынын, оқырмандар алдында сол дәуірдің сұсты суреттерін айнытпай келтіргендігін атап өтеді [14].

Сонымен Додожон Раджабидің әр жылдары жарық көрген шығармалары, 80-ші жылдардың соңындағы тәжік баспасөзінде жарияланған еңбектері, XX ғасырдың 90-жылдарының басында Джалол Уикромидің «Бастан өткен» кітабы, Сохиб Табаровтың «Сағдулло Рабейдің ащы тағдыры», Абдурахмон Абдуманнонов пен Фируза Шахидидің «Жалғыздық», Хуршеда Отахонованың «Бақытсыз жазушы», Зариф Гуломның «Ақынның ұлы» және т.б. еңбектері тәжік еліндегі әлеуметтік-саяси тақырып аясында сөз қозғап, оның салдарын бағамдар тұста маңызды.

### **Қорытынды**

Додожон Раджаби жазықсыз жала жабылып, халық жауы атанған барлық дерлік тәжік жазушыларының тағдырын параққа түсірген алғашқы жазушы. Көркем зерттеулерін шағын эссе жанрынан бастап, ірі шығармалар жинағымен жалғастырды. Шығармаларының әрқайсысы әр уақытта жазылғанымен оларды біріктіріп тұратын ортақ ерекшеліктер табылады. Әңгімелерінің сюжеті тәжік зиялылары мен олардың отбасысы көрген трагедиясын, кейбір жазушыларға жасалған сатқындықтар мен езгіні баяндаудан, азаптау және жазықсыз тұтқындарға тағылған айыптардан тұрды.

Жазушы шығармаларына көркемдік шеберлік тұрғысынан қарасақ реалистік стиль үлгілерін табамыз. Шынайы шығарма жазу жолында 30-шы жылдардағы мемлекеттік және отбасылық мұрағаттардың, газеттер мен журналдардың материалдарына, сталиндік қуғын-сүргін оқиғаларының куәгерлерінің әңгімелеріне сүйенді. 37-ші жыл әділетсіздігінің құрбаны болған жазушы-ақындардың, әдебиеттанушылардың өмірін зерттеу негізінде шығармаларды мүлдем жаңа стильде қозғайды. Жазушының шығармаларында



тәжік халқының асыл ұлдарының басына түскен трагедия мен азап турасында тарихи мәліметтер жазылған.

Сталиндік қуғын-сүргін оқиғаларының көрінісі айтылмаған тақырыптар санатында екені даусыз. Елдің егемендік алғаннан кейін бұл тақырыпты зерттеу тәжік қайраткерлері ішінен атап өткеніміздей Додожон Раджаби еңбектерінен бастау алып, Абдурахмон Абдуманнонов, Хуршед Отахонов, Зариф Гулом, Масуд Расули, Джалол Уикромидің прозаларынында жалғасын тапты. Аталған жазушылардың әрқайсысы тақырыпты аша түсу үшін белгілі бір мақсатқа сүйенетіні сөзсіз. Абдурахмон Абдуманнонов пен Зариф Гуломның шығармалары сталиндік қуғын-сүргін оқиғалары мен ащы шындықты көрсету жолында көркем стильде жазылған. Джалол Уикромидің, Хуршеда Отахонидің және Масуд Расулидің шығармаларына мән берсек, ол еңбектердің мемуарлық сипатта жазылғанын байқаймыз. Әр түрлі стильдер мен жанрларда жазылғанымен, бұл жұмыстардың барлығы ортақ мүддеге, тақырыптар мен идеялар жолында жазылған. Мұндай шығармалардың басты ерекшелігі – олардың кейіпкерлері жалған айып тағу мен жаланың құрбаны болуында, ал шығармалардың сюжетіндегі ерекшеліктерге келер болсақ материал құрылымдарының тыйым салынған мұрағаттан алынған мәліметтерге сүйене жазылуында болып отыр.

Мұхтар Әуезов пен Додожон Раджабидің шығармаларын талдау олардың шығармашылығының әдеби дәстүрдің қалыптасуына айтарлықтай әсерін көрсетеді. Екі жазушы да тарихи-мәдени контекстердің айырмашылығына қарамастан, әлеуметтік әділеттілік, қуғын-сүргін және психологиялық қысым сияқты ұқсас тақырыптар мен мотивтерді қарастырады. Олардың шығармалары Орта Азияның әртүрлі мәдениеттері арасындағы әдеби байланыстың маңызды буыны болып отыр.

Әуезов пен Раджабидің шығармашылығы өз халықтарының жалпы мәдени мұрасының маңызды элементін құрайды. Олар өз шығармалары арқылы мәдени дәстүрді сақтап дамытады, маңызды мәселелерді зерттейді және тарихи жадыны бейнелейді. Олардың жұмыстары аймақтың әдеби дамуына әсер еткен мәдени-тарихи бірегейліктің терең аспектілерін түсінуге көмектеседі. Зерттеу Раджабидің шығармашылығы Джалол Икромидің, Масуд Расули, Абдурахмон Абдуманнонов және т.б. авторлардың шығармаларымен байланысты қазіргі тәжік әдеби контекстіне шолуды қамтиды. Жұмыс Әуезов пен Раджаби шығармашылығының объективі арқылы әдеби байланыстар мен мәдени мұраны одан әрі зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері Орта Азияның мәдени және әдеби байланыстарына қызығушылық танытатын әдебиеттанушылар, тарихшылар мен мәдениеттанушылар үшін, сондай-ақ аймақ әдебиетін оқыту мен насихаттау үшін практикалық маңызға ие.

Жалпы, мақала Мұхтар Әуезов пен Додожон Раджабидің шығармашылығы Орта Азиядағы әдеби және мәдени байланыстың негізгі элементі ретінде көруімізге де болады, олардың постколониалдық әдебиеттің дамуына және мәдени мұраның сақталуына әсерін көрсетеді.

## Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған BR20281009 – «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» негізінде жазылды.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 10. – Алматы: Ғылым, 2003. – 456 б.

[2] Әуезова З.-А. Актуальность, опыты и проблемы историко-культурной интерпретации: казахский-русский-английский. М.О.Әуезовтің туғанына 120 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. – Алматы: Print express, 2018. – 492 б.

[3] Бектенов З. Мухтар Омарханович Ауэзов // Мухтар Ауэзов жана Кыргызстан. – Бишкек: Турар, 2010. – 612 б.

[4] Елеуменов Ш. ТМД елдері ғалымдарының М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: Servise Press, 2017. – 384 б.

[5] Рачабӣ Д. Доги руйи пок. – Душанбе: Адабиёт ва санъат, 1989, 5 қаңтар. – 13 б.

[6] Рачабӣ Д. Шоми фирок. – Душанбе: Адабиёт ва санъат., 23 ақпан. – 11 б.

[7] Рачабӣ Д. Чон хохари дилсухта. Тоҷикистони советӣ. – 1989, 5 ақпан.

[8] Рачабӣ Д. Осмони хамида. Адабиёт ва санъат. № 5. – 1998, 1 ақпан.

[9] Табаров С. Саргузашти талхи Саъдулло Рабии. №1. –1990. – 192 б.

[10] Абдуманнонов А. Садои Шарк. Ф.Шахидӣ, Ф.Танхой. №4. – 1990. – 92-112 б.

[11] Отахонова Х. Дил мехоҳад, ки гуяму гирям. – Душанбе: Ирфон, 2011. – 196 б.

[12] Бобочон А. Адиби ноком. Адабиёт ва санъат. – 1993, 13 тамыз.

[13] Зариф Ф. Писари шоир. – Худчонт, 2007. – 58 б.

[14] Құнанбаев А. Шығармаларының он томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. – 693 б.

[15] Мирпочаев А. Великий друг русской культуры. – Хакикати Ленинобод. 1950, 11 тамыз.

### REFERENCES

[1] Auevov M. SHyғarmalarynuң elu tomdyқ tolyқ zhinaғy [A complete collection of works by Auevov M]. In Fifty volumes. Vol. 10. – Almaty: Science, 2003. – 456 b. [in Kaz.]

[2] Auevova Z.-A. Aktual'nost', opyty i problemy istoriko-kul'turnoj interpretacii: kazahskij-russkij-anglijskij [Relevance, ideas and problems of historical and cultural interpretation: Kazakh-russian-english] // Materials of the international scientific symposium dedicated to the 120th anniversary of the birth of M. O. Auevov. – Almaty: Print express, 2018. – 492 s. [in Rus.]

[3] Bektenov Z. Muhtar Omarhanovich Auevov [Mukhtar Auevov] // Mukhtar Auevov zhana Kyrgyzstan. – Bishkek: Turar. 2010. – 612 p.

[4] Eleukenov Sh. TMD elderi ғalymdarynuң M.O.Әuevovtiң shyғarmashylyқ mұрасын zertteu мәseleleri [Problems of studying the creative heritage of M. O. Auevov by scientists of the CIS countries]. Collective monograph. – Almaty: Servise Press, 2017. – 384 b. [in Kaz.]

[5] Rachabi D. Dogi ruyi pok [A stain on a clean face]. – Dushanbe: Literature and art, 1989, 5 kantar. – 13 b. [in Tajik]

[6] Rachabi D. Shomi firok [Evening of firok]. – Dushanbe: Adabiyot va sanat., 23 akpan. – 11 p. [in Tajik]

[7] Rachabi D. Chon hohari dilsuhta [Heartthrob Jeon hohari]. Tochikistoni soveti. – 1989, 5 akpan. [in Tajik]

[8] Rachabi D. Osmoni hamida [Inclined sky]. Adabiyot va sanat. № 5. – 1998, 1 akpan. [in Tajik]

[9] Tabarov S. Sarguzashti talhi Sadullo Rabii [The bitter story of Saadullo Rabi]. – 1990. – №1. – 192 p. [in Tajik]

- [10] Abdumannonov A. Sadoi Shark [The sound of a shark]. F.Shahidi, F.Tanhoi. №4. – 1990. – 92-112 p. [in Tajik]
- [11] Otahonova H. Dil mekhohad, ki guyamu giryam [My heart wants me to talk and cry]. – Dushanbe: Irfon, 2011. – 196 p. [in Tajik]
- [12] Bobochon A. Adibi nokom [Loser]. Adabiyot va sanat. – 1993, 13 tamyz. [in Tajik]
- [13] Zarif F. Pisrpi shoip [The poet's son]. – Khudjont, 2007. – 58 p. [in Tajik]
- [14] Kunanbaev A. SHуғarmalarynuң on tomдық tolyk zhinaғу [The full ten-volume collection of his works]. – Almaty, 1961. – 693 p. [in Kaz.]
- [15] Mirpochaev A. Velikij drug russoj kul'tury [A great friend of Russian culture]. – Hakikati Leninobod. 1950, 11 tamyz [in Rus.]

## **ПРОИЗВЕДЕНИЯ М. АУЭЗОВА И Д. РАДЖАБИ: ЛИТЕРАТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ, ОБЩЕКУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ**

\*Амирбаева Ш. М.<sup>1</sup>, Кунаев Д.А.<sup>2</sup>, Пирали Г.Ж.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2,3</sup> НМО «дом Ауэзова», Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматриваются литературные связи и общее культурное наследие, содержащиеся в произведениях Мухтара Ауэзова и Доджона Раджаби. Особое внимание уделяется постколониальным темам, отраженным в их творчестве. Оба автора касаются трагических событий в истории своего народа, в том числе репрессий 30-50-х годов, психологического давления и страданий соотечественников. В исследовании анализируется взаимодействие творчества Ауэзова и Раджаби, какие общие темы и мотивы их объединяют и как они способствуют сохранению и развитию культурных и литературных традиций своих народов.

Актуальность исследования заключается в том, что работа Раджаби конца двадцатого века стала первой попыткой углубленного изучения и художественного осмысления репрессий в Таджикистане в 1937 году, тем самым внося значительный вклад в постколониальную таджикскую литературу. Произведения Ауэзова и Раджаби отражают общие черты культурного и исторического наследия, что позволяет увидеть их значение в контексте региональной литературы. Доджон Раджаби, слушая и изучая сотни архивных материалов и статей, опубликованных в 30-е годы, рассказы свидетелей и родственников литераторов, совершивших домогательства и пытки, приводил данные, свидетельствующие о том, что ему удалось передать события глубоко и достоверно, были подняты вопросы, связанные с творчеством современников-писателей, проведен их обзор.

Цель исследования – выявить и проанализировать литературные связи и общие темы в творчестве Ауэзова и Раджаби с акцентом на их вклад в сохранение культурного наследия и понимание постколониальных тем. Научная значимость исследования заключается в расширении духовных представлений в центральноазиатской литературе, раскрытии общих мотивов и тем, а также углублении понимания влияния исторических событий на литературное творчество. Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты могут быть использованы для дальнейшего изучения культурных связей и исторической памяти в литературе региона, а также при преподавании произведений Ауэзова и Раджаби.

Для раскрытия темы в статье используются методы обобщения, описания, систематизации и рассказывания историй, обзоров. Исследование подчеркивает важность возвращения к историческим событиям через призму творчества, придавая работе практическое значение и способствуя более глубокому пониманию культурного наследия народов Центральной Азии.

**Ключевые слова:** Мухтар Ауэзов, таджикская литература, проза, Таджикистан, творчество, литература, история, культурное наследие

## THE WORKS OF M. AUEZOV AND D. RAJABI: LITERARY COMMUNICATION AND CROSS-CULTURAL HERITAGE

\* Amirbaeva Sh. M.<sup>1</sup>, Kunaev D. A.<sup>2</sup>, Pirali G.Zh.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>The “Auezov House” Research Center, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** This article examines the literary connections and shared cultural heritage found in the works of Mukhtar Auezov and Dodzhon Rajabi. Special attention is given to the postcolonial themes reflected in their writings. Both authors address tragic events in the history of their people, including the repressions of the 1930s and 1950s, psychological pressure, and the suffering of their compatriots. The study analyzes the interaction between Auezov’s and Rajabi’s works, identifying common themes and motifs that unite them and how they contribute to the preservation and development of their respective cultural and literary traditions.

The relevance of the study lies in the fact that Rajabi’s work from the late 20th century represents the first attempt at an in-depth exploration and artistic interpretation of the 1937 repressions in Tajikistan, thereby making a significant contribution to postcolonial Tajik literature. Auezov's and Rajabi's works reflect common aspects of cultural and historical heritage, highlighting their significance within the context of regional literature. Dodzhon Rajabi, by reviewing hundreds of archival materials, articles from the 1930s, and accounts from witnesses and relatives of persecuted writers, has provided evidence that he succeeded in deeply and accurately conveying the events, and has raised questions related to the work of contemporary writers, offering a comprehensive review.

The aim of the study is to identify and analyze the literary connections and common themes in the works of Auezov and Rajabi, with a focus on their contribution to the preservation of cultural heritage and understanding postcolonial themes. The scientific significance of the research lies in expanding the understanding of Central Asian literature, revealing common motifs and themes, and deepening the comprehension of the impact of historical events on literary creativity. The practical significance of the study is that the results can be used for further exploration of cultural connections and historical memory in the literature of the region, as well as for teaching the works of Auezov and Rajabi.

To address the topic, the article employs methods of generalization, description, systematization, and narrative review. The research emphasizes the importance of revisiting historical events through the lens of creative works, providing practical value and contributing to a deeper understanding of the cultural heritage of Central Asian peoples.

**Keywords:** Mukhtar Auezov, tajik literature, prose, Tajikistan, creativity, literature, history, cultural heritage

*Мақала түсті: 27 тамыз 2024*

### **Авторлар туралы мәлімет:**

Әмірбаева Шолпан Мейрамғазықызы – филология ғылымдарының магистрі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Әуезов үйі» ҒМО-ның ғылыми қызметкері, e-mail: samirbaeva@gmail.com

Қонаев Диар Асқарұлы – филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Әуезов үйі» ҒМО-ның директоры, бас ғылыми қызметкер, e-mail: diar.kunaev@gmail.com

Пірәлі Гүлзия Жайлауқызы – филология ғылымдарының докторы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері, e-mail: piralieva58@mail.ru

***Информация об авторах:***

Амирбаева Шолпан Мейрамгазыкызы – магистр филологических наук, научный сотрудник НМО «Дом Ауэзова», Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, e-mail: samirbaeva@gmail.com

Кунаев Диар Аскарлович – кандидат филологических наук, директор и главный научный сотрудник НМО «Дом Ауэзова», Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, e-mail: diar.kunaev@gmail.com

Пирали Гульзия Жайлауовна – доктор филологических наук, главный научный сотрудник НМО «Дом Ауэзова», Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, e-mail: piralieva58@mail.ru

***Information about the authors:***

Amirbaeva Sholpan Meiramgazykyzy – Master of Philology, Researcher at the “Auezov House” Research Center, M. O. Auezov Institute of Literature and Art, e-mail: samirbaeva@gmail.com

Kunaev Diar Askarovich – Candidate of Philology, Director and Chief Researcher of the “Auezov House” Research Center, M. O. Auezov Institute of Literature and Art, e-mail: diar.kunaev@gmail.com

Pirali Gulzia Zhailaukyzy – Doctor of Philological Sciences, Chief Researcher at the “Auezov House” Research Center, M. O. Auezov Institute of Literature and Art, e-mail: piralieva58@mail.ru